<https://www.facebook.com/share/v/1.4omXJab7Apze3cx/>

<https://www.facebook.com/share/v/i7sEP85CFK38qmqN/>

<https://www.facebook.com/share/v/YdRUqtBzSYSajRy9/>

✚ Мектеп-гимназиямызда бастауыш сыныптарда 15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күніне арналған сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты : Оқушыларға ұлттық валюта - теңгенің рөлі мен орнын анықтауға көмектесу, қазақстандық патриотизм мен Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, мемлекет рәміздерін құрметтеу.

<https://www.facebook.com/share/p/y2Gko2JGLAitiKzs/>

✚ "Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция " аясында атқарылатын іс жаралар жоспары жасалынып, бекітілді. Жоспарға сай 11-15 қараша аралығында сыныптарда "Есірткі-ғасыр дерті" тақырыбында кәмелетке жасқа толмағандар арасында нашақорлықтың алдын алуға бағытталған танымдық-тәрбиелік сынып сағаттары өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/DPZH4tbGJuakCq3u/>

✚ "Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция " аясында атқарылатын іс-шаралар жоспарына сәйкес мектеп-гимназиясының тәлімгері Ә.Әлімхан және мектеп парламенті ұйымының ұйымдастыруымен «Есірткісіз жарқын болашақ» тақырыбында сахналық қойылым қойылды. Көрініс барысында оқушыларға есірткі, алкоголь, темекі өнімдерінің зиянды жақтары, есірткі өнімдерінің адам денсаулығына қаншалықты зиян келтіретіні және оның соңы адам өліміне әкеліп соқтыратыны туралы мағлұмат берілді.

<https://www.facebook.com/share/v/PR8EBDHinLfUGmi6/>



✚ Мектеп-гимназия парламенті ұйымының Дебат фракциясы «Нашақорлық – ауыр індет» тақырыбында оқушылар арасында дөңгелек үстел өткізіп, пікірталас жүргізді. Оқушылар «Бірінші байлық-денсаулық», денсаулықты сақтап, әрбір адам өз денсаулығына өз қолымен қиянат жасамау керек деген ойларын ортаға салды

<https://www.facebook.com/share/v/nJy6uiUwFVVnBcLL/>



✚ 5-7 сыныптарда 22 қараша күні «Буллингтен қорған!» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Оқушыларға буллингтің алдын алу үшін не істеу керек, буллингтің баланың болашағына әсері, буллингтің белгілері мен отбасының әсері, мектептегі буллинг қайдан пайда болады деген сұрақтарға балалардың пәкәрлері тыңдалып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/oemaMZQYg8aiBJmv/>

✚ «Вейптерден бас тартудың себептері» профилактикалық акциясы аясында сынып сағаттары өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/mPCo4RwjWMDKgVhU/>

✚ "Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция " аясында атқарылатын іс-шаралар жоспарына сәйкес дене шынықтыру пән бірлестік жетекшісі Е.Аманов және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен "Есірткіге жол жоқ! Біз спортты таңдаймыз!" тақырыбында отбасылық көңілді старт сайысы өтті. Сайысқа мектеп-гимназия ата-аналары мен оқушыларынан құралған төрт отбасылық команда қатысып, жүлделі I орынды Жанұзақовтар отбасы, II орынды Пак отбасы, III орынды Құдайбергеновтер отбасы иеленді. "Бірлік" тобы Алғыспен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/v/QAKA2MexRZAuqrpj/>



✚ 4-ші және 5-ші сынып оқушыларын Республикалық бірінғай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына салтанатты түрде қабылдау іс-шарасы өтті. Оқушылардан Ант қабылданып, ту түстес галстук пен төсбелгі тағылды. Жалпы аталмыш іс-шара оқушылар үшін ұмытылмастай әсер қалдырып, жоғары дәрежеде атқарылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1SSagjdZvs/>



🌸 Қараша айының екінші аптасында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналысты мектеп-гимназия директоры Ибраев Бекзат Сағындықұлы бастап, ата-аналарға оқу тоқсанындағы ерекшеліктер мен өзгерістер туралы және мектептің ішкі тәртіп ережелері жайлы егжей-тегжейлі түсіндіріп өтті. Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі- жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу, жол қауіпсіздік, өмір қауіпсіздік ережелерін сақтау, оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру жөнінде айтылды және күн тәртібіндегі басқа да мәселелер қамтылды. Жиналысқа келген ата-аналар жаңалықтардан хабардар болып, өз ойларындағы бірнеше сұрақтарының жауабын алды.

<https://www.facebook.com/share/p/18tVcSQjNo/>



🌸 Күз мезгілінің ерекшелігін ескере отырып, өскелең ұрпақтың эстетикалық талғамын қалыптастырып, әсемдікке, сұлулыққа тәрбиелеу, шығармашылық қабілет пен ой - өріс ұшқырлығын дамыту, оқушылардың қоғамдық өмірге, мәдени – көпшілік шараларға белсенді қатысуына ықпал ету, бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында 7- сынып оқушылары арасында күз Ханшайымы мен Ханзадасы атты байқауы өткізілді.

Нәтижесінде 1 орынды - 7 Б сыныбы, 2 - орын 7 А сыныбы

3 - орын 7 В сыныбы иеленіп дипломмен марапатталып, сыйлықтар таратылды.

<https://www.facebook.com/share/v/PoFXYPJSJR Vtm565U/>

🌸 Қараша айында «Үлгілі үйдің қыздары» тақырыбында қыздар жиналысы өтті. Қыздар ұйымының жетекшісі Ә.Әлімхан өз баяндамасында өнегілі тәрбиелі қыз бала қандай болу керектігі және қыз өмірдің қызғалдағы, қыздар болашақ ана, бақыт байлық ошағы, адамзаттың өсіп-өркендеп, тәлім тәрбие алатын қасиетті ұясы екендігін түсіндірді. Қыздар тәрбиесі арналған кеңестер берілді. Мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.Ералиева оқушы қыздардың тәртібі, кәмелет жасына толмаған оқушылар арасындағы құқықбұзышылықтар

туралы ескертіп, мысалдар келтіріп түсіндіріп өтті. Қазіргі қоғамдағы қыздар арасындағы жат қылықтар туралы және оқушы қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын алу, кешкі уақытта көшеге шықпау, қыз бала туысының болса да үйіне қонбау керектігі, қыз болашақта ана болатыны және осы жас кезден бастап әр бір қыз бала өз абыройын ойлау керектігі туралы ескертіліп айтылды.

<https://www.facebook.com/share/p/13esJxHEHq/>



Желтоқсан айының бірінші аптасында жасөспірімдер арасындағы, зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында, 8-11 сынып оқушыларымен, мектеп психологы Г. Аймағамбетова директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Е.Құлымбетов, Э.Ералиева, Исаева Құралай Төлеуқызы- "Арал балалары" қоғамдық қайырымдылық қорының төрайымы. Исабаева Сауле Болатқызы қатысуымен "Гендірлік зорлық зомбылыққа қарсы белсенділіктің 16 күні" атты тақырыпта қыздар арасында жиналыс өткізілді. Кибербуллинг, буллинг, киберқауіпсіздіктің алдын алу мақсатында туралы видеороликтер көрсетіліп, сенім телефондары ақпараттандырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/19fobb7yS9/>



5 ЖЕЛТОҚСАН-ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕРІКТІЛЕР КҮНІ Еріктілер күні — мейірімділік пен жанашырлықтың жарқын көрінісі. Бұл күн әлем бойынша көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын созып, игі істерге атсалысатын күн. Еріктілік — қоғамға деген шынайы қамқорлық пен жауапкершіліктің символы. Осындай атаулы күн қарсаңында "Біртұтас тәрбие" бағдарламасының, "Әділдік және жауапкершілік" айы аясында Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясының тәлімгері Әлімхан Әсел бастаған мектеп-гимназия оқушыларынан құралған еріктілер тобы қаламыздың тұрғыны жалғыз басты Мария әженің үйіне азық-түлік апарып, әженің үй шаруашылығына көмектесіп қайтты. Риза болған әже оқушылармен бірге ән салып, би билеп, бір сәт жастық шағын еске алып, балаша қуанып қалды. Ақ батасын беріп, қимастықпен шығарып салды.

<https://www.facebook.com/share/v/1G7AjRqRAb/>

Облыстық "Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығының" хатына сәйкес 6 желтоқсан күні білім алушылардың бойларын зиянды әдеттерден аулақ ұстауға тәрбиелеу мақсатында "Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!" атты флешмоб ұйымдастырылды. Флешмобқа мектеп-гимназия оқушылары белсене қатысты.

<https://www.facebook.com/share/v/14PJFFPX7r/>

6 желтоқсан күні «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың есірткіге тәуелділіктің, вейптің, уытқұмарлықтың, зорлық-зомбылықтың, жыныстық қолсұғушылықтың, суицидтің, буллингтің, лудомания, бопсалау және жол көлік оқиғаларының алдын алу, ұрлық қылмысы, интернет алаяқтығының алдын алу, түнгі уақытта балалардың заңды өкілінсіз жүрмеуі, жаңа жылдық пиротехникалық заттарды қолданбау» тақырыбында мектеп оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. ЖПҚБ ЮПБ-ның УПИ-ры қызметкерлері полиция майоры Н.Осипов, полиция аға лейтенанты Е.Жалғас пен мектеп-гимназияның директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.Ералиева аталған тақырып бойынша балаларға құқықтық түсіндірме жұмысын жүргізіп, слайдтар мен бейнероликтер көрсетіп, ақпараттандырды.

<https://www.facebook.com/share/p/1DBnhQsu3P/>



8 "Д" сыныбында 16 - желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты: Ата-бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, өз Отанын сүйуге, еліне, халқына қызмет етуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/1BQbiqUSVn/>



16 желтоқсан Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күні қарсаңында оқушылардың жетістіктерін паш ету мен қатар оқушыларды Отансүйгіштікке баулу, әрбір баланың жеткен жетістігі еліміздің дамуына қосқан бір үлесі екенін ұғындыру мақсатында мектеп-гимназия оқушылары арасында "Жетістігімді еліме арнаймын" атты челлендж ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/v/12C5nQzz898/>

✚ Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспарына сәйкес 12 желтоқсан күні мектеп-гимназиясы кітапханасында «Тәуелсіздік белестері» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кітап көрмесінің мақсаты – ата-бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі ету, өскелең ұрпақтың бойында патриоттық, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Көрмеге 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінің шығу себеп-салдары мен оқиғаның өрбу барысы, оған қатысушылар туралы құжаттар, желтоқсан көтерілісін баяндайтын кітаптар, сондай-ақ еліміздің тәуелсіздік алған кезінен бастап бүгінге дейінгі жүріп өткен жолы туралы баспадан шыққан басылымдар қамтылды.

<https://www.facebook.com/share/p/18axBKbJpV/>



✚ Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 12-13 желтоқсан күндері оқушылардың тілін, ой-өрістерін, дұрыс сөйлеу дағдыларын, қабілеттерін дамыта отырып, шығармашылыққа баулу, Отанын сүйуге, мақтаныш етуге, еліміздің нағыз азаматы бола білуге, ұйымшылдыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу мақсатында "Тәуелсіздік- елімнің ерлік жолы", "Ел аңсаған Тәуелсіздік", "Тәуелсіз елім- Қазақстан" тақырыптарында ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/15qVBdr1en/>

<https://www.facebook.com/share/p/1C13uYDyWL/>

✚ Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 33 жылдығы күніне орай өткізілген волейбол жарысы мектепішілік 6-7 сыныптар арасында өткен волейбол жарысында 7 Е сыныбы үздік шығып, 1-орынды иеленді!

Жарысқа жалпы 13 команда қатысты:

🥇 1 орын – 7Е сынып

🥈 2 орын – 7Д сынып

🥉 3 орын – 7Г сынып

<https://www.facebook.com/share/v/1AvzBxZUk3/>

✚ 16 ЖЕЛТОҚСАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

13 желтоқсан күні ата-бабамыз жылдар бойы аңсап өткен тәуелсіздіктің оңай келмегендігін ұғындыру, желтоқсан оқиғасында қаншама қыз-жігіттер қыршын кетіп, тәуелсіздік үшін жанын бергендерін түсіндіре отырып, еліміздің болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдырғандығын түсіндіру, тәуелсіз еліміздің әрі қарай өркендеуіне үлес қосу, патриоттық сезімдерін ояту мақсатында парламент ұйымының ұйымдастыруымен ауқымды іс-шара өтті. Іс-шара барысында оқушылар 16 желтоқсан құрбандарын еске алып бір минут үнсіздік жариялады. Желтоқсан оқиғасынан көріністер көрсетіліп, Отан туралы жыр шумақтары оқылып, патриоттық әндер айтылды. "Жас ұлан", "Жас қыран" ұйымына қабылданушы оқушыларға ту түстес көк галстуктар мен значоктар табысталды.

<https://www.facebook.com/share/v/14qFkpU9nB/>

🌸 Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспарына сәйкес 9-12 желтоқсан аралығында 1-4 сыныптар аралығында "Алаш туы астында" тақырыбында суреттер байқауы өтті. Байқауға бастауыш сыныптардың оқушылары қызығушылықпен қатысты. Оқушылардың салған суреттері жинақталып, үш оқушы 1,2,3 орындармен марапатталды, он оқушыға белсене қатысқаны үшін Алғыс хаттар табысталды.

<https://www.facebook.com/share/v/14r91WHBbS/>

23-24 желтоқсан күндері бастауыш сынып оқушыларына арналған жаңа жылдық мерекелік кеш өтті. Жөні де, орны да бөлек, әрі сән-салтанатымен, жоғары көңіл-күймен өтетін жаңа жыл кешін балалардың жүрегінде мәңгі сақталатындай етіп өткізу мектеп-гимназия әкімшілігі мен мұғалімдер үшін үлкен міндет, әрі абыройлы іс болып табылады. Аталмыш шараға мектеп-гимназияның жас мамандары белсене араласып, театрландырылған шоу көрсетіп, балалардың көңіл-күйін көтерді. Әртүрлі кейіпкерлердің киімін киіп келген балалар думанды кешке атсалысып, ән салып, би билеп, өнерлерімен ерекшеленуге тырысты. Аяз ата мен Акшақар өнерлерін көрсеткен бүлдіршіндерге сыйлықтарын беріп, көңілдерін көтеруге тырысып бақты. Мектеп-гимназия басшысы Ибраев Бекзат Сағындықұлы сөз кезегінде барша ұстаздар қауымын және бастауыш сынып оқушыларын Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

<https://www.facebook.com/share/p/18K3E5GBEq/>



🌸 24 желтоқсан күні 8-10 сынып оқушыларының қатысуымен "Еркін дем ал!" челленджі ұйымдастырылды. Оқушылар шылым шегу сияқты зиянды әдеттерден аулақ болу және салауатты өмір салтын ұстанып, бос уақыттарын спортпен шұғылдануға арнап, спорттық ойындар ойнауды насихаттады. Шылым шегудің адам денсаулығына тигізер зиянын түсіндірді.

<https://www.facebook.com/share/v/18KwqGLThb/>

🌸 27 желтоқсан күні оқушылардың қысқы демалысқа шығуларына байланысты жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.Ералиева ата-аналарды қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстырып өтті. Сонымен қатар мереке қарсаңындағы отпашулардың зияны, пиротехниканың қауіпті заттар екенін және оларды ересектердің қарауынсыз қолдануға болмайтыны жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізіліп, видеороликтер көрсетілді. Сонымен қатар ата-аналарға балаларын демалыс кезінде алыс аймақтарға жібермеуі қатаң тапсырылды. Түнгі мезгілде кәмелетке толмаған балалардың беймезгіл уақытта көшеде ересек адамдарсыз жүруіне қатаң тиым салынғандығы айтылды. Қысқы демалыс кезінде баланың уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасалып, үнемі ата-ана қадағалауында болу керек екендігі ескертілді. Жиналыс соңында ата-аналарға қысқы қауіпсіздік ережелері орналастырылған QR код таратылды.

<https://www.facebook.com/share/p/15hiUUVN9P/>



🌈 "Қазақстан балалары-қысқы ғажайып" қысқы демалыс кезінде балалардың бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес "Балалар кітапханасы" жобасы аясында мектеп-гимназия кітапханашысы Х.Беркинбаева оқушылармен " Қыста кітап оқимыз, жадымызда тоқимыз" атты кітап оқу айдарын ұйымдастырды.

<https://www.facebook.com/share/p/152So12dTS/>



🌈💧 СУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОРҒАУ 💧

Қызылорда облысының білім басқармасының Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығының №822 саны хатына сәйкес "Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация" министрлігімен бекітілген және Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісілген 2024-2026 жылдарға арналған Су үнемдеу жөніндегі Жол картасының 5.2 тармағын орындау мақсатында, сондай-ақ "Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында тәрбие жұмыстарын ұйымдастырумен сапалы өткізу мақсатында Нағи Ильясов атындағы 9 мектеп-гимназиясында оқушылардың су үнемдеу мәдениетін тәрбиелеу мақсатында сынып сағаттары өткізілді

<https://www.facebook.com/share/v/1EcBFC6MEE/>

🌈🗣️-АТА ЗАҢЫМ – АЙБЫНЫМ 8 қаңтар күні дебат клуб мүшелерінің қатысуымен Қазақстан Республикасының қабылданғанына 30 жыл толуына орай "Ата заңым-айбыным" тақырыбында мектепшілік пікірсайыс өтті. Аталған пікірсайыстың мақсаты-азаматтық жауапкершілігі зор, рухани жан-дүниесі бай, эстетикалық талғамы дамыған және әлеуметтік бейімделген ұтқыр тұлғаны қалыптастыру. Жастардың қоғамның өзекті мәселелерін шешудегі орны мен ролін арттыру. Дебатқа қатысушылар пікірсайыс барысында тақырып аясында сөз сөйлеп, өзара пікір алмасты.

<https://www.facebook.com/share/p/1BjDh8cpHj/>



10 қаңтар күні Қызылорда ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция майоры Н.Осипов 8-11 сынып оқушылармен кездесіп қазіргі таңда қоғам алдында тұрған басты мәселелердің бірі жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылық(буллинг, кибербуллинг, лудомания), ұрлық қылмысы және интернет алаяқтығының алдын алу және болдырмау мақсатында «Бала-бауыр етін» атты бейне жазбасы көрсетіліп профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/16R5dd2kjh/>



21 қаңтар күні Облыстық дін істері басқармасының "Дін мәселелерін зерттеу орталығының" мамандары "Дін және дәстүр" тақырыбында оқушыларға дәріс өткізді. Қазіргі кезде жастар арасында діни адасушылық салдарынан өмірлері кәсіретке айналууда. Бұл дәрістің мақсаты жастарды тура жолға бағыттау болатын. Орталық мамандары оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Жастарымыздың адаспай, иманды болып өсуіне аталған кездесудің маңызы зор

<https://www.facebook.com/share/p/1ELLqWu2EZ/>



Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі қалалық полиция басқармасының №30-202/1323 санды хатына сәйкес, кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылық пен қылмыстылықты алдын алу мақсатында 30 қаңтар мен 2 ақпан күндері аралығында "Түнгі қаладағы балалар" атты жедел профилактикалық іс-шарасына орай мектеп-гимназия мұғалімдері учаскелік полициямен бірігіп кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу

және болдырмау мақсатында кезекті түнгі рейд жұмыстарын жүргізді. Рейд барысында тәртіпсіздік немесе құқық бұзушылық орын алмады.

<https://www.facebook.com/share/p/19ytqeX6DE/>



24 қаңтар күні жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналыста мектеп-гимназия директоры Ибраев Бекзат Сағындықұлы ата-аналарды жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында мектеппен үнемі тығыз байланыста болуға шақырды. Жиналыс барысында оқушылардың бірінші жартыжылдық бойынша білім сапасы, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау (буллинг, интернет алаяқтық, лудомания, вандализм), жасөспірімдердің тиым салынған түнгі уақытта заңды өкілінсіз жалғыз жүруі, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс мәселелері айтылды, жол қауіпсіздігі ережелері түсіндірілді. Үштік одақ (мұғалім, оқушы, ата-ана) жұмысын нығайту мақсатында ата-аналар пән мұғалімдерімен кездесіп, балаларының оқу үлгерімі жөнінде ақпарат алды.

<https://www.facebook.com/share/p/18LhLDWZyi/>



Тәрбие жұмысын жандандыру, шығармашыл жетекшілерді анықтау және сынып жетекшілердің өзара тәжірибе алмасуына ықпал жасау, үздік сынып жетекшіні анықтау мақсатында "Start up-2025" сынып жетекшілер сайысы ұйымдастырылды. Сайысты мектеп-гимназия директоры Б.Ибраев ашып, қатысушыларға сәттілік тілеп, жылы лебізін білдірді. Әр қатысушы ортаға өзінің жаңа педагогикалық идеясын ұсынып, үш кезеңнен тұратын сайыста бақ сынасып, өз шеберліктерін көрсете білді. Сайыс қорытындысы бойынша бас жүлдеге ие болып, Жалмағамбетова Нұрсәуле Қосымбайқызы үздік сынып жетекші атанды. Пожемитие Рута - 1 орын, Сатбаева Акерке - 2 орын, Садыкова Эльмира - 2 орын, Хайрулла Сапар - 3 орын, Батырбаева

Айкен - 3 орын, Данабекқызы Айзада - 3 орын, Байсугулова Азиза және Қаймақбаева Лаура Алғыс хат және сыйлықтармен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/1BdXCFB7So/>



✚ Қызылорда облысының білім басқармасының Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы "Өркен" балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының салауатты өмір салтын насихаттау және тарату, балалардың физикалық, психологиялық және эмоционалдық денсаулығына ықпал ету, оларды кез келген жаман әдеттен саналы түрде бас тартуға ынталандыру мақсатында ұйымдастырылған "Есірткіге жол жоқ!" челленджі Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясында өз жалғасын тапты.

<https://www.facebook.com/share/p/1BSbwJjLNz/>

✚ Қызылорда қалалық прокуратурасының бөлім прокуроры Асылжан Оңдасынұлы Қызылорда ҚІБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция майоры Н.Осипов және мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.Кулумбетов оқушыларға құқық бұзушылықтың алдын алу, түн тыныштығын бұзбау ата-анасы түнгі уақытта жүрмеу, зорлық-зомбылықтың құрбаны болмау, кибербуллинг пен буллингтің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

✚ <https://www.facebook.com/share/p/15mFDshWtF/>



✚ "Заң және тәртіп" идеологиясые орындау жөніндегі кешенді жоспарды қалыптастыруға арналған мектепішілік жоспарына сәйкес ақпан айында 8-11 сынып оқушыларына "Лудомания-ғасыр дерті" тақырыбында бейнероликтер көрсетіліп, сынып жетекшілері оқушыларға лудоманияның зардабын, қоғамға тигізіп отырған теріс әсері мен салдарын түсіндірді. Мақсаты: Ойынқұмарлықтың адам өмірін бұзып, психикалық және физикалық денсаулығына әсер етуі туралы мағлұмат беру, зардабымен таныстыру.

<https://www.facebook.com/share/p/12AChiiFtv/>

🌈 "Заң және тәртіп" идеологиясын орындау жөніндегі кешенді жоспарды жүзеге асыру мақсатында бастауыш сынып оқушыларына "Жолда жүрсен, абай бол!" тақырыбында ақпараттық түсіндірме жұмыстары 3жүргізілді. Мақсаты: оқушыларға жол қауіпсіздігі, жолдағы белгілер туралы, туралы мағлұмат беру, оқушыларға жол белгілерінің неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету.

<https://www.facebook.com/share/p/164WjK3wqD/>



🌈 "Заң және тәртіп" идеологиясые орындау жөніндегі кешенді жоспарды қалыптастыруға арналған мектепшілік жоспарына сәйкес ортақ мүлікті құрметтеуге, жауапкершілікке, тазалыққа баулу мақсатында "STOP Вандал!" тақырыбында 5-7 сынып оқушыларына ақпараттар беріліп, сынып сағаттары өткізілді. Мәдени- тарихи ескерткіштерді, басқа да рухани мәдениет құндылықтарды, қоғамдық орындардағы мүліктерді аяусыз, қасақана жою, қиратып бүлдіру, тып-типыл тонау әрекеті жабайылық пен зұлымдықтың шектен шыққан бір түрі болып есептелетіні туралы түсіндірілді.

<https://www.facebook.com/share/p/15tJ51z3ur/>



🌈 28 ақпан күні мектеп-гимназия психологтары Г. Аймағамбетова мен Г. Исаева 10 сынып оқушыларымен "Буллингтің құрбаны болмаудың 10 себебі" атты тақырыпта тренинг өткізді. Бұл тренинг оқушылардың өзін қауіпсіз сезінуіне көмектеседі және буллингке қарсы тұрудың нақты әдістерін үйретеді. Мақсаты: Қатысушыларға буллингтің не екенін түсіндіру және оның түрлерін ажырату. Өзін-өзі қорғау және буллингке төтеп беру дағдыларын дамыту. Қатысушылардың өз-өзіне деген сенімділігін арттыру. Тренинг барысында оқушыларға буллинг кез келген адамға әсер етуі мүмкін мәселе, бірақ оны алдын алу өз қолымызда екендігі туралы айтылды. Қорытынды сөз: "Өзіне сенімді бол, өзгені құрметте және әрқашан әділдік үшін күрес!"

<https://www.facebook.com/share/p/15c3P3z5PH/>



✚ «Жүректен жүрекке» ұстаздарға алғыс білдіру. Көктемнің алғашқы мерекесі болып табылатын айтулы күн – барлық қазақстандықтардың бір-біріне деген мейірімділігінің, достығы мен сүйіспеншілігінің жарқын символы. Бұл Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған, еліміздің тарихына құрмет көрсетіп, барлық ұлт пен ұлысты бір шанырақ астына топтастыратын, азаматтардың бір-біріне құрмет білдіретін күн. Осындай керемет күнде 7 сынып оқушылары өз ұстаздарына деген алғыстарын айтып, жылы лебіздерін білдірді.

<https://www.facebook.com/share/p/1BN1h3Kc5S/>

✚ «Мен ризамын өмірге» мерекелік кеш. Мектеп-гимназия жас мамандарының ұйымдастыруымен акт залда мерекелік кеш ұйымдастырылды, кеш барысында жас мамандар көріністер қойып, би билеп, ән шашуларын арнады. Мектеп-гимназиямыздың кіші қызметкерлеріне өз алғыстарын білдіріп, бір күндік жұмыстарына көмектесіп, тазалық жұмыстарын жүргізді.

<https://www.facebook.com/share/p/1BN1h3Kc5S/>

✚ "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында көктемнің алғашқы күнімен келіп, көңіл тыныштығын сыйлайтын жарқын мереке- "Алғыс айту" күніне орай «АЛТЫН ЖҮРЕК» республикалық челленджін ұйымдастырылып, мектеп-гимназия ұстаздары мен оқушылары жылы лебіздерін білдіріп, алғыстарын жолдады. Мақсаты: Оқушылардың бойында үлкен - кішіге деген сүйіспеншіліктерін, сыпайылық қарым - қатынастарын дамыту

<https://www.facebook.com/share/v/15HbEJ2V95/>

✚ «Алғыс-ізгі ниет» «Благодарность-добрые намерения» Сынып сағаттары Оқушылардың жанұяға, ата-анаға, үлкен-кішіге сүйіспеншілігін дамыту, ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, ұлттар арасындағы достық пен ынтымақтастықты дәріптеу мақсатында барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/15uRPLGgN4/>

✚ 5 наурыз күні оқушыларға ойынға деген салауатты көзқарасты қалыптастыру, ойынның пайдасы мен зиянын ажырата білуге үйрету, уақытты тиімді пайдаланудың маңызын түсіндіру мақсатында «Ойынға салауатты көзқарас» тақырыбында сыныптарда тәрбие сағаттары өтілді

<https://www.facebook.com/share/p/15uRPLGgN4/>

✚ Отбасы құндылықтарын дәріптеу, оқушылардың анаға деген құрметтерін арттыру және аналардың еңбегін бағалау мақсатында «Ананың аялы алақаны» тақырыбында челлендж ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/15uRPL>



✚ Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының маңызын түсіндіру, олардың рухани және мәдени құндылық ретіндегі орнын көрсету. Бірінші кезең Қыдыр атаның бата беруімен басталды. (1 "А" сынып оқушысы Өмірсерікұлы Досжан) Осы кезеңде 3"А" сынып оқушылары "Наурыз көктем" хорын орындап, шашу шашу рәсімі өткізілді. Екінші кезеңде қазақтың салт- дәстүрлерін насихаттау мақсатында 4 "Ә" сынып оқушылары "Бесікке салу" рәсімін көрсетті. 1"Б" сынып оқушысы Жұмаділ Медина " Мереке" әнімен көпшіліктің қошеметіне бөленді. Үшінші кезеңде салт- дәстүрді дәріптеу жұмысы әрі қарай жалғасын тауып бастауыш сынып мұғалімі Абсадыкова Айгүлдің ұйымдастыруымен тұсау кесер рәсімі орындалды. <https://www.facebook.com/share/v/166K3RxxwAK/>

✚ Ұлттық мәдениет көрмесі аясында бастауыш сынып оқушылары «бесікке салу», «тұсау кесу» сынды ұлттық слт дәстүрлерден көріністер қойып, ұстаздарға, мектеп-гимназия оқушыларына өз өнерлерін тарту етті.

<https://www.facebook.com/share/v/166K3RxxwAK/>



✚ 11 сынып оқушысы, биылғы оқу жылының білімді, өнерлі де талантты түлегі Шәріпхан Мағжан домбыраның сырлы әуенін шарықтатып, Құрманғазының «Балбырауын», «Адай», «Сарыарқа», халық күйі «Тепең көк», Нұргиса Тілендиевтің «Әлкисса» сынды бірнеше күйлерін қатар орындап, Республикалық "Күй күмбірі" челленджіне өз үлесін қосты. «Күй күмбірі» челленджі – бұл жай ғана акция емес, ұлттық музыканы дәріптейтін, домбыра өнерін насихаттайтын және ұрпақтар сабақтастығын нығайтатын үлкен мәдени шара!

<https://www.facebook.com/share/v/16EVongijB/>

🌈 Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай "Наурызнама" онкүндігі аясында өткізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес Жаңару күні «Жер сағаты» экологиялық акциясы ұйымдастырылды. Мектеп-гимназия басшысы Ибраев Бекзат Сағындықұлы 2024-2025 оқу жылының түлектерімен бірге мектеп-гимназиясының ауласына туя көшеттерін отырғызып, табиғаттың ажарлануына, көркеюіне, қоршаған ортаның жайқалуына өз үлестерін қосты.

<https://www.facebook.com/share/p/1JwYECGzsV/>



🌈 Наурыз мерекесіне барлық сыныптарда оқушыларға Наурыз мерекесінің тарихын, маңызын және тәрбиелік мәнін түсіндіру, қазақ халқының салт-дәстүрлерін дәріптеу, ұлттық рухты нығайту және оқушыларды бірлікке, достыққа тәрбиелеу, табиғатқа деген сүйіспеншілікті арттыру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған тәрбие сағаттары жоғары деңгейде өткізілді. Оқушылар қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ұлттық құндылықтары туралы мол мағлұмат алды. Іс-шара барысында балалар белсенділік танытып, өз өнерлерін көрсетіп, мерекелік көңіл-күйге бөленді.

<https://www.facebook.com/share/p/1CRimMHsyL/>

🌈 Оқушылар демалыс уақыттарын пайдалы өткізу мақсатында «Кітаптың сыры: Басты идеяны тап, Кітап оқымыз, жадымызға тоқимыз» — кітап оқу челленджі өткізілді. Бұл челлендж балалар мен жасөспірімдер арасында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыруға бағытталған білім беру шарасы. Челлендждің негізгі мақсаты — оқушыларды кітаптармен таныстырып, оларды терең ойлауға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ынталандыру. Әр қатысушы өз таңдаған кітабын оқып, оның басты идеясын, негізгі ойларын ашып көрсетеді. *Челлендждің мақсаты:*

Кітап оқуға ынталандыру: Балаларды кітап оқуға қызықтырып, оқудың маңыздылығын түсіндіру.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту: Оқылған кітаптың басты идеясы мен түйінді ойларын балалардың дұрыс түсінуі мен есте сақтауы.

Жадты дамыту: Кітаптан алған білімді есте сақтау және оны өмірде қолдана білу.

Өз ойын анық жеткізу: Оқушылар өздерінің оқыған кітаптары туралы пікірлерін ашық және нақты айтып, оны басқалармен бөліседі.

<https://www.facebook.com/share/p/1ZGgTy8bvF/>

✚ 2025 жылдың көктемгі демалысы барысында оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және олардың арнаулы қабілеттерін дамыту мақсатында "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Осы іс-шаралар жоспарына сәйкес, "Денсаулық күніне" орай Нағи Ильясов атындағы 9 мектеп-гимназиясында денешынықтыру пәні бірлестігінің ұйындастыруымен 5-6 сынып оқушылары арасында баскетбол элементтерімен эстафета сайысы өткізілді.

Сайыстың негізгі мақсаты – оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене белсенділігін арттыру, топтық жұмысқа бейімдеу және спортқа деген қызығушылықтарын дамыту. Сайыс барысы: Эстафета жарысына әр сыныптан құрылған командалар қатысты. Оқушылар баскетбол элементтерін орындап, жылдамдық пен шеберліктерін көрсетті. Жарыс бірнеше кезеңнен тұрып, қатысушылар допты алып жүру, дәлдікпен пас беру және шапшаңдықты талап ететін тапсырмаларды орындады.

Сайыс соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталып, мадақтамалармен марапатталды. Іс-шара оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, дене дайындығын жетілдіруге оң ықпал етті. Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушылар үшін қызықты әрі пайдалы өтті <https://www.facebook.com/share/p/19KDC3auMx/>



✚ Көктемгі демалысы кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және арнаулы қабілеттерін дамыту мақсатында "Біртұтас тәрбие бағдарламасының" жоспарына сәйкес, "Танымдық күні" аясында 28 наурыз күні Нағи Ильясов атындағы 9 мектеп-гимназиясының 7-сынып оқушылары сынып жетекшілерімен бірге Қызылорда қаласының тарихи мұражайына экскурсия жасады. Экскурсия мақсаты: оқушылардың туған жер тарихына деген қызығушылығын арттыру, тарихи-мәдени мұралармен таныстырып, патриоттық сезімдерін қалыптастыру, өлкенің өткенін зерттеу арқылы танымдық көкжиегін кеңейту. Экскурсия барысында мұражай қызметкерлері оқушыларды Қызылорда облысының тарихи-мәдени жәдігерлерімен таныстырды. Оқушылар ежелгі және ортағасырлық кезеңдерге қатысты құнды экспонаттарды тамашалады. Сұрақ-жауап арқылы тарихи деректерге қызығушылық танытып, өз білімдерін толықтырды.

✚ Экскурсия оқушылар үшін қызықты әрі танымдық тұрғыда маңызды өтті. Олар аймақтың тарихи құндылықтары туралы жаңа мағлұмат алып, тарихи мұраларға құрметпен қарауға үйренді. Оқушылар алған әсерлерімен бөлісіп, өз пікірлерін білдірді.

<https://www.facebook.com/share/p/IDNQzUL5SP/>



2-сәуір күні «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, есірткіге тәуелділіктің, вейптің, уытқұмарлықтың, зорлық-зомбылықтың, жыныстық қолсұтқұлмаушылықтың, суицидтің, буллингтің, лудамания, бопсалау және жол көлік оқиғаларының алдын алу, түнгі уақытта балалардың заңды өкілінсіз жүрмеуі, интернет алаяқтық» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Шараға ЖПҚБ ЮПБ-ның УПИ-ры қызметкері полиция майоры Н.Осипов және лейтенанты Н.Наурызбаев пен мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.Кулумбетов қатысып жоғарыда аталған тақырып бойынша балаларға құқықтық түсіндірме жұмыстары жасалынды. Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

<https://www.facebook.com/share/p/19g3iVrq4Q/>



«Құстарға ұя жасау – сауапты іс» шарасы – табиғатты қорғау мен қамқорлыққа баулитын, жан-жануарларға мейірімділік танытуға үндейтін тәрбиелік және экологиялық мақсаттағы игі іс-шара. Аталған шара аясында Нағи Ильясов атындағы 9 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып оқушылары құстарға арналған ұялар жасап, оларды ағаштарға орналастырып, өз үлестерін қосты. Шараның мақсаты – құстардың қауіпсіз мекендеуіне жағдай жасау арқылы экожүйені сақтау, табиғатқа жанашырлықты арттыру және сауапты іспен айналысу мәдениетін қалыптастыру.

<https://www.facebook.com/share/v/1QtHZb9Vuq/>

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА. 30 сәуір күні облыстық төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарына бағытталған мамандармен жиын өтті. Жиынның мақсаты — мектеп-гимназия оқушыларына төтенше жағдайлардың алдын алу, қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Жиында облыстық төтенше жағдайлар бөлімінің маманы құтқарушы Әлжанов Бағдат оқушыларға суда шомылу бойынша қауіпсіздік, суға кеткен жағдайдағы құтқару шаралары жөнінде түсіндірді, қажетті ақпараттар беріліп, сұрақ-жауап жұмыстары ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1C3T1R9H68/>



✦ Парламент өзін-өзі басқару ұйымы мүшелері мен тәлімгер Ә.Әлімханның ұйымдастыруымен 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік іс-шара жоғары деңгейде өтті. Іс-шараны мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.Ералиева құттықтау сөзбен ашып, оқушылар мен ұстаздарға жылы лебізін білдірді. Ол өз сөзінде татулық пен ынтымақ – елдің тұрақты дамуы мен жарқын болашағының негізі екенін атап өтті. Мерекелік шара барысында мектеп оқушылары елімізде өмір сүріп жатқан түрлі ұлттардың салт-дәстүрлерін, ұлттық киімдерін, әндері мен билерін сахна төрінде көрсетті. Әр сынып өзіне тиесілі ұлттың мәдениетін таныстырып, елдегі бірлік пен достықтың жарқын көрінісін ұсынды. Ұстаздар мен оқушылар концерттік бағдарламадан мол әсер алып, жас ұрпақтың бойындағы отансүйгіштік пен толеранттылық сезімінің қалыптасып жатқанына куә болды. Шара соңында көрермендерге әр ұлттың ұлттық тағамдары ұсынылды, тәлімгер Ә.Әлімхан барлық қатысушыларға алғыс айтып, еліміздің бейбітшілігі мен келісімі – әр қазақстандықтың жүрегінде болуы тиіс асыл құндылық екенін атап өтті.

<https://www.facebook.com/share/v/1BauceyrfS/>

✦ 8 мамыр күні Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына, Кеңес Одағының Батыры Нағи Ильясовтың туғанына 105 жыл толуына және мектептің алғашқы директоры, ұлағатты ұстаз Бекбулатов Рашид Абдуллаевичті еске алуға арналған үш бірдей маңызды тарихи және тәрбиелік мәні бар даталарды біріктірген ауқымды мерекелік іс-шара өтті.

Төрт бөлімнен тұратын шараның шараның алғашқы бөлімі – батыр есімін ұлықтаудан басталды. Мектеп-гимназия ауласында орналасқан Кеңес Одағының Батыры Нағи Ильясовтың ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, бір минут үнсіздік жарияланды. Бұл рәсімге мектеп-гимназия әкімшілігі, ұстаздар қауымы, оқушылар, арнайы шақырылған қонақтар – AMANAT партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Есмаханов Алмасбек Әбілқасымұлы, Нағи Ильясовтың балалары мен немерелері, сондай-ақ Бекбулатов Рашид Абдуллаевичтің отбасы мүшелері мен әріптестері қатысты. Батыр рухына тағзым ету сәті барша қауымның жүрегінен орын алды.

Салтанатты рәсім патриоттық рухтағы мерекелік шарамен жалғасты. Оқушылар патриоттық әндерді шырқап, би, хорлар арқылы көрермендерге терең әсер сыйлады. Бұл бөлім жас ұрпақтың ел тарихына, батыр бабаларға деген құрметін көрсету алаңына айналды.

Мектеп-гимназия фойесінде жалғасқан үшінші бөлімде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жалмағамбетова Нұрсәуле Қосымбайқызы жетекшілік ететін "Нағитану" жобасының жұмысы таныстырылды. Жоба аясында оқушылар Нағи Ильясовтың өмір жолын, ерлігін, әдебиет пен тарихтағы орнын жыр-шумақтары арқылы жеткізді. Ерекше бір сәт – Нағи Ильясовтың балаларының "Нағитану" жобасына қатысушы оқушыларға арнайы төсбелгілер тапсыруы болды. Бұл бөлім өскелең ұрпаққа ұлттық құндылықтарды дәріптеудің жарқын үлгісіне айналды.

Іс-шараның төртінші бөлімі – мектеп-гимназияның спорт залында өткізілген волейбол турнирі болды. Бұл жарысқа қала мектептері мұғалімдерінен құралған командалар қатысты. Жоғары деңгейде ұйымдастырылған спорттық дода достық пен ынтымақтастық рухында өтті. Командалар өзара бақ сынасып, көрермендерге қызықты әрі тартысты ойын көрсетті. Турнир соңында жеңімпаздар мен белсенді қатысушылар арнайы дипломдармен, алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Бұл бөлім ұстаздар қауымының белсенділігі мен салауатты өмір салтына деген құлшынысын көрсетті.

Салтанатты жиында мектеп-гимназия директоры Ибраев Бекзат Сағындықұлы құттықтау сөз сөйлеп, Нағи Ильясов пен Рашид Абдуллаевичтің өмірі мен еңбектерін, ұрпаққа үлгі боларлық тұлғалар екенін атап өтті. Сондай-ақ бұл іс-шараның жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастырудағы маңызын ерекше атап өтті.

AMANAT партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Есмаханов Алмасбек Әбілқасымұлы сөз сөйлеп, Нағи Ильясовтың ерлігін жас ұрпақ жадында мәңгі сақтау қажеттігін атап өтті. Ол мектеп-гимназия ұжымының патриоттық тәрбиедегі бастамаларына жоғары бағасын берді.

Сонымен қатар Нағи Ильясовтың ұл-қыздары мен немерелері, Рашид Абдуллаевичтің туыстары мен әріптестері де жүрекжарды лебіздерін білдіріп, аталардың ерлігін ұлықтап отырған мектеп-гимназия ұжымына ризашылықтарын жеткізді. Батырдың ұрпақтары

мектеп-гимназия кітапханасының қорына Нағи Ильясов туралы құнды кітаптар мен естеліктер жинақтарын тарту етіп, оқу орнына рухани бай мұра қалдырды.

✦ Аталған ауқымды іс-шара – мектеп-гимназия ұжымы мен оқушыларының тарихи сананы жаңғыртуға, елге еңбегі сіңген тұлғаларды құрметтеуге бағытталған жүйелі жұмысының жемісі. Батырлықты бағалап, ұлт мақтаныштарын ұлықтау – болашаққа рухани серпін беретін маңызды іс. Бұл – мектеп қабырғасындағы тәрбие мен білімнің үйлесімділігін айғақтайды.

<https://www.facebook.com/share/p/16NVj5Vk6Y/>



✦ 12 мамыр күні 10-16 жас аралығындағы оқушылар арасында Спидкубингтен мектепішілік сайыс ұйымдастырылды.

Сайыстың басты мақсаты – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, уақытты тиімді пайдалану дағдыларын жетілдіру және интеллектуалды бәсекеге қабілетті жастарды қолдау болды.

Сыныптардан 10 оқушы қатысып, Рубик текшесін жинау бойынша жылдамдықтарын сынады. Қатысушылар түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындап, өзара бәсекеге түсті. Жеңімпаздар жылдамдық пен дәлдікке қарай анықталды.

Нәтижесінде:

- I орын – 6 "Д" сынып оқушысы Темірбек Ерасыл
- II орын - 10 "Ө" сынып оқушысы Айдос Әлібек
- III орын – 6 "А" сынып оқушысы Дастанұлы Нұрислам

Сайыс жоғары деңгейде өтіп, оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығы ерекше байқалды.

<https://www.facebook.com/share/v/1ArFk2YWx5/>

✦ 13 мамыр күні Қызылорда облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мамандарының қатысуымен 8–11 сынып оқушыларына арналған қауіпсіздік шаралары жөнінде кең көлемді түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

✦ Жиналыстың негізгі мақсаты — оқушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, төтенше жағдайлардың алдын алу, сондай-ақ жаз мезгілінде жиі кездесетін оқыс оқиғалардың, соның ішінде суға шомылу кезіндегі қайғылы жағдайлардың болдырмау жолдарын түсіндіру болды.

✦ Кездесу барысында ТЖ мамандары оқушыларға:

- ✓ Тұрмыста және қоғамдық орындарда қауіпсіздік сақтау ережелері;
- ✓ Жаз айларында су айдындарында шомылу кезіндегі сақтық шаралары;
- ✓ Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде эвакуация тәртібі мен алғашқы әрекеттер;
- ✓ Дабыл белгілерін тану және дұрыс әрекет ету жолдары туралы толық ақпарат берді.

✦ Оқушыларға көрнекі құралдар мен бейнематериалдар көрсетіліп, нақты мысалдар арқылы қауіпті жағдайларда қалай әрекет ету керектігі түсіндірілді. Сонымен қатар, мамандар оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, қауіпсіздікке қатысты пайдалы кеңестермен бөлісті.

✦ Бұл шара оқушылардың өмірлік маңызы бар біліммен қарулануына, жазғы демалыс кезінде өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ қоғамдағы төтенше жағдайлардың алдын алуға

бағытталды.

<https://www.facebook.com/nagi.il.asov/posts/pfbid0uwh4MgxnkVFXNZEYYbbxjS7hyr2AJV9KtYH4f5eZupfQvwKk73J1TaABK8LFXLMNI>



✚ 15 мамыр күні ата-аналар мен ұстаздарға арналған маңызды кездесу өтті. Жиынға Қызылорда облысы прокурорының аға көмекшісі Байкенже Дінахмет Алмасбекұлы және «Қызылорда Ньос KZ» ақпарат агенттігінің бас редакторы Батырбеков Азиз Жұмаділдаұлы арнайы шақырылып, бала тәрбиесіне қатысты маңызды мәселелер көтерілді.

♥ Кездесуді мектеп-гимназия директоры Ибраев Бекзат Сағындықұлы ашып, жаз мезгілінде оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдарын атап өтті. Ол ата-аналарға баланың жазғы демалысын тиімді әрі қауіпсіз ұйымдастыру, бос уақытын қадағалау, шомылу маусымындағы қауіпсіздік, интернеттегі зиянды контенттен сақтау сынды өзекті мәселелер бойынша нақты ұсыныстарын айтты.

♥ Жиналыстың қонақтары өз сөздерінде қазіргі қоғамдағы бала тәрбиесінің құқықтық және моральдық қырларына тоқталып, ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі, кәмелетке толмағандардың қылмыстық және әкімшілік жауапкершілігі, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында нақты түсіндірмелер берді.

♥ Шара барысында ата-аналар өз сауалдарын қойып, құқықтық кеңестер алды. Өзара пікір алмасу арқылы ата-аналар мен мектеп арасындағы байланысты нығайту, бірлескен әрекетті күшейту қажеттігі айтылды.

<https://www.facebook.com/share/p/14JxoRDoK8T/>



✚ 20 мамыр күні Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясында жазғы каникул қарсаңында жедел жәрдем қызметі мамандарымен танымдық кездесу ұйымдастырылды. Кездесудің басты мақсаты — оқушыларды төтенше жағдайларда дұрыс әрекет етуге, алғашқы медициналық көмек көрсетудің қарапайым әдістеріне үйрету болды. Жедел жәрдем қызметкерлері оқушыларға жүрек соғысын тексеру, жарақат алған жағдайда көмек көрсету, қан тоқтату, тыныс алу жолдарын ашу секілді маңызды дағдыларды түсіндіріп, практикалық түрде көрсетті. Оқушылар белсенділік танытып, сұрақтар қойып, өмірде күтпеген жағдайлар орын алғанда қалай әрекет ету керектігін меңгерді. Әсіресе, шынайы құрал-жабдықтармен жұмыс істеу мүмкіндігі балалардың қызығушылығын оятты. Мұндай шаралар оқушылардың денсаулыққа деген жауапкершілігін арттырып, жазғы демалысты қауіпсіз өткізуге ықпал етеді.

<https://www.facebook.com/share/p/1YFgRD6etW/>



✚ 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған "Қазақстан балалары" атты қалалық іс-шара жоспарына сәйкес "Жүректен жүрекке" қайырымдылық акциясы барысында 2025 жылғы 22 мамыр күні аз қамтылған отбасына азық-түлікпен көмек көрсетті

<https://www.facebook.com/share/v/1AJdUBBGnU/>

✚ 1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған "Қазақстан балалары" атты мектепшілік іс-шаралар жоспары аясында 22 мамыр күні сенбілік ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты — оқушылардың табиғатқа жанашырлықпен қарап, тазалықты сақтауға деген жауапкершілігін арттыру, еңбекке баулу, сондай-ақ ұжымдық жұмыс арқылы ұйымшылдық пен ынтымақтастықты қалыптастыру болды. Сенбілікке мектеп әкімшілігі, мұғалімдер белсенді түрде қатысып, мектеп ауласын күл-қоқыстан тазартып, гүлзарлар мен жасыл желектерді ретке келтірді. Мұндай шаралар экологиялық мәдениетін қалыптастырумен қатар, қоғамдық жұмыстарға белсенді араласуға ынталандырады.

<https://www.facebook.com/share/p/1AfQrLfFA/>



✚ 1 ауысым – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған "Қазақстан балалары" атты мектепшілік іс-шара жоспарына сәйкес, 22 мамыр күні оқушыларға "Қауіпсіз аула", "Қауіпсіз маршрут" акциялары аясында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Шара барысында балаларға қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері түсіндіріліп, көшеде және аулада өзін-өзі қорғау, жол қауіпсіздігі, жаяу жүргіншілер жолағымен өту кезіндегі қауіпсіздік туралы маңызды ақпараттар берілді.

<https://www.facebook.com/share/p/193uuzEfvd/>



✚ 22 мамыр күні Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған "Қазақстан балалары" атты мектепшілік іс-шара жоспарына сәйкес, мектеп-гимназия кітапханашысы Х.Беркінбаеваның ұйымдастыруымен оқушылар арасында тамаша кітап алмасу шарасы өтті. Іс-шара барысында оқушылар өз отбасымен бірге оқыған сүйікті кітаптарын ортаға салып, бір-бірімен әсерлі пікір алмасты. Сонымен қатар, жазғы демалыс кезінде оқуға арналған қызықты кітаптармен бөлісіп, кітап алмасу дәстүрін жалғастырды. Бұл шара оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайта түсті.
<https://www.facebook.com/share/p/16cfYjMAe4/>



✚ 23 мамыр күні Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясында ерекше толқыныс пен қуанышқа толы сәт – бітіруші түлектерге арналған "Мың алғыс саған, мектебім!" атты салтанатты шара өтті.

Шараны мектеп-гимназия директоры Ибраев Бекзат Сағындықұлы ашып, өз сөзінде түлектерге жүрекжарды тілегін арнады. Ол білім ордасының шәкірттері бүгінде өз арман-мақсаттарының соңынан еріп, үлкен өмірге қадам басқалы тұрғанын айтып, әрқайсысына жарқын болашақ пен табыс тіледі. "Мектеп – әр адамның өміріндегі алғашқы тұғыры. Біз сіздерге сенеміз. Бүгінгі түлек – ертеңгі ел тірегі!" деген керемет сөздерімен бітіруші түлектерге сенімін білдірді. Шара барысында мектеп түлектері өз алғыстарын жүрекжарды өлең-жыр, би және ән шеруі арқылы білдірді. Мектеппен қоштасу сәті көпшіліктің көңілін босатып, ерекше әсерге бөледі. Ата-аналар қауымы мен ұстаздар қауымы түлектерге деген жылы лебіздерін білдіріп, балаларына ақ баталарын берді. Шараның әр сәті — мектеп қабырғасында өткен шуақты шақтардың естелігіне айналды. Бұл – шәкірт пен ұстаз, ата-ана мен бала арасындағы ерекше байланыстың, алғыстың, махаббат пен сенімнің мерекесі.

<https://www.facebook.com/share/p/16cfYjMAe4/>



Нази Ильясов атындағы № 9 мектеп-гимназия
әлеуметтік педагогының жоспарының есебі
Әлеуметтік педогог: Сабырбекова Нұрай

2024-2025 оқу жылы

Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты:

Мектеп оқушыларымен, ата – аналармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын, көп балалы отбасы балаларын, жартылай жетім оқушылармен әлеуметтік қолдау жұмыстарын жүргізу, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту мен қатар әлеуметтік ортаны жүйелі мақсатқа, әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған іс-әрекеттер арқылы ізгілендіру.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының міндеті:

- Әлеуметтік топтағы балаларды анықтайды;
- Аз қамтылған отбасылар тізімі;
- Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар тізімі;
- Көп балалы отбасы балалар тізімі;
- Тұрмысы төмен отбасы балалар тізімі;
- Оралман оқушылардың тізімі;
- Үйде оқытылатын оқушылар тізімі;
- Форма -4
- Әлеуметтік топтағы оқушылардың отбасылық тәрбие жағдайын зерттейді;
- Баланы әлеуметтік ортаға бейімдеу, жеке тұлға ретінде дамыту;
- Оқушының қажеттігі мен қызығушылығын байқайды, баланың жеке және әлеуметтік қиыншылығын анықтау және өз құзырлығы бойынша шешу;
- Патронат, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үй, зейнет ақы беру, мүліктік және мүліктік емес құқығы бойынша жұмыс жүргізеді;
- Баланың мемлекетпен, қоғаммен, ұжыммен және әлеуметтік қызметкермен байланысын ұйымдастыру;



- Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысының (08.08.2022 ж №554) 3-тармақ 4-бөліміне сәйкес **қаржылай көмек 43407 теңге 330 оқушыға тағайындалды.**
- **АСП бойынша 116 оқушы**
- **2 ші санат бойынша 210 оқушы**
- **3 ші санат бойынша 4 оқушы**
- Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылардың тізімі нақтыланып, ата – аналардан қажетті құжаттары жинақталды. Ата – аналардан ыстық тамаққа өтініштер қабылданып, құжаттар жинақталды.
- ❖ Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді.

Жалпыға бірдей міндетті білім беру, «Мектепке жол» акциясының өту барысы туралы

Биылғы 2024-2025 оқу жылында Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп гимназия «Балаларға– бірге көмектесейік!» ұранымен өткізілетін «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акция аясында әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсетуге демеушілерді тарту арқылы басты назарға ерекше мұқтаждыққа ие балаларды қамту және қорғаншы, ата – ана қамқорлығынан айырылған, және толық емес отбасынан шыққан балаларды қамту көзделді. Ерікті демеушілер тарапынан осы категориядағы оқушыларға көмек қарастырылды. Ата-аналар тарапынан көмек сұраған барлығы 52 ге жуық өтініш келіп түсті. Келіп түскен сұранысқа сәйкес барлық отбасыға көмек берілді. Мектеп директорының бастамасымен, мектеп әкімшілігі қолдап биылғы мектепке жол акциясына демеушілік етті.

«Мектепке жол акциясы» бағдарламасы бойынша 52 оқушыға көмек көрсетілді. 20 оқушыға **«Қызылорда қаласының Мусирали мешіті»** сөмке, оқу құралымен, көмек көрсетілді.

Мектеп әкімшілігі тарапынан алғыс айтылып, ризашылықтарын білдірді.



❖ I. ӘЛЕУМЕТТІК – ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ БАҒЫТ

Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп – гимназия бойынша 2024-2025 оқу жылындағы әлеуметтік картасы туралы мәлімет



	Көрсеткіш атауы	Саны
1	Барлық оқушылар:	1491
4	Толық емес отбасылар (ажырасқан)	187
5	Толық емес отбасылар (некесіз)	64
6	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	5
7	Жартылай жетім (әкесі қайтыс болған)	47
8	Жартылай жетім (анасы қайтыс болған)	12
9	Көп балалы	418
10	Өгей әке	43
11	Өгей ана	9
12	Алыстан қатынап оқитындар	226
13	Жалдамалы пәтерде тұратындар	111
14	Аз қамтамасыз етілген оқушылар (тамақпен қамтылған оқушылар)	210
15	Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылар (АСП)	116
16	ИДН -есебінде	0
17	Мектепшілік бақылау есебінде	3

- ❖ Сынып жетекшілермен жиналыс өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
- ❖ Журналдар арнау және мектеп басшысының мөрімен бекіту
- ❖ Кеңес беру журналы;

➤ Жоспар бойынша қыркүйек айында атқарылу керек жұмыстардың бірі мектептің әлеуметтік картасын жинақтау. Оқушының әлеуметтік-психологиялық даму картасы, сыныптың әлеуметтік картасы және мектептің әлеуметтік куәлігі (паспорт) жасалынды.

Көрсеткіштер атауы:

- Ата – ана қамқорлығынан айырылған балалар;
- Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар;
- Толық емес (ата – анасының біреуі қайтыс болған) отбасының балалары;

➤ Көп балалы отбасы балалар;

➤ Патронат оқушылар;

➤ Үйде оқытылатын оқушылар тізімі;

➤ Форма -4;

➤ Жалғызбасты ана тәрбиесіндегі балалар тізімі;

➤ Жалғызбасты әке тәрбиесіндегі балалар тізімі;

➤ Өгей әкемен бірге тұратын балалар тізімі;

➤ Өгей анамен бірге тұратын балалар тізімі;

➤ Жалдамалы пәтерде тұратын балалар тізімі жасалынды.

❖ Ата - аналарға әлеуметтік - психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік – тұрмыстық, әлеуметтік – еңбек кеңес берілді.

❖ Оқушылардың ыстық тамаққа баруын, ыстық тамақтың сапалы берілуін қадағалып отырмыз сонымен қатар мониторинг жүргізілді.

❖ Қамқоршы, қорғаншы және патронат тәрбиесіндегі оқушылардың заңды өкілдерімен үнемі хабардамын.

❖ Сынып жетекшілермен бірлесе отырып өгей әке, өгей анамен тұратын оқушыларды анықтап олармен жиі байланыста болдық және тұрмыстық жағдайларын бақылау жұмыстарын жүргізіп акт жасадық.

Оқушылардың ыстық тамаққа баруын, ыстық тамақтың сапалы болуын қадағалып отырмыз сонымен қатар мониторинг жүргізді.



- Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылардың құжаттарын қабылдау, жолақымен қамту.IV квартал қазан айында АСП бойынша 73 оқушы жолақымен қамтылды.
- Қазан айында атқарылған жұмыстар жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмаған балалардың құжаттарын жинақтау.
- Мектеп асханасында ыстық тамақтың мәзір бойынша берілуі күнде қадағаланып отыр және кезекшілік қойылды.
- Қамқоршы, қорғаншы тәрбиедегі оқушылардың оқуға дайындығын бақылау жұмыстары жүргізілді сонымен қатар сабақтарына қатыстық және де заңды өкілдеріне кеңестер бердік.

Садық Диас - 10 «В» сынып оқушысы қазақ тілі пәніне сабаққа қатыстық, сабаққа қызығушылықпен және дайындықпен келген.

Москалева Диана- 7«Е» сынып оқушысы қазақ тілі пәніне сабаққа қатыстық.Сабаққа қызығушылықпен қарап үй жұмыстарын және сынып жұмыстарына белсенді.

Заңды өкілдеріне кеңестер телефон арқылы берілді нәтижесі кеңес беру журналына тіркелді

- *Цифрлық сауаттылықты арттырып отыру (НОВД,күнделік, Bilimland платформаларын)қолдану арқылы ыстық тамақ ішетін оқушыларды күнделік кз сайдтымен тексеріп ай сайын табель жасау.*

Ерекше мұқтаждыққа ие оқушылармен жұмыс: (үйден оқитындарға)

- ✓ Оқушылардың тізімдері толығымен жасақталды .
- ✓ Әлеуметтік тұрмыс жағдайымен, ата – анасымен танысу;
- ✓ Сынып жетекшілермен бірлесе отырып өгей әке, өгей анамен тұратын оқушыларды анықтап олармен жиі байланыста болдық және тұрмыстық жағдайларын бақылау жұмыстарын жүргізіп акт жасадық.

Аз қамтылған, көп балалы, Қамқоршы, қорғаншы тәрбиедегі оқушыларға қыстық киімдердер берілді.



Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар

Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде арнайы мамандардың қолдауы маңызды. Осы мақсатта Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясының арнайы мамандары мен Қызылорда қаласы бойынша №1 ПМПК-ның ұйымдастыруымен "Цифрлық инклюзия: тең орта, тең мүмкіндік" тақырыбында шеберлік сыныптар өткізілді.

Мектеп оқушыларынан құрылған «Шу» оркестрінің музыкалық шығармасы қатысушыларды әсем әуенімен көңіл-күйін көтерсе, "Тең орта, тең мүмкіндік" тақырыбында ұйымдастырған тренингі арқылы ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылар бір-біріне ыстық лебіздерін білдіріп, достық ортасын құрды.

Сонымен қатар, шеберлік сыныпта ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалардың "Ерекше бала-ерекше дана, ерекше көзқарас" тақырыбында шығармашылық жұмыстары да көрінісін тапты. Шығармашылық жұмыстарын ортаға салған оқушыларды, педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетіп жүрген арнайы мамандарды да №1 ПМПК басшысы С.К Шаймерденова арнайы дипломдарымен марапаттаса, №9 мектеп-гимназиясы ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушыларға арнайы сыйлықтар табыстады.



Мектебімізде 22-қараша күні тамақтану сапасына мониторинг жүргізілді. Оның құрамында медицина қызметкерлері, мектеп әкімшілігі және ата-аналар комитеттерінің өкілдері бар.

🍀 Пайдаланатын тамақ өнімдерінің сапасына бақылауды жүзеге асырып, қадағаланады.

🍀 Тексеру барысында комиссия мүшелері: асхана жұмысын, оқушылардың тамақтануының дұрыс ұйымдастырылуын тағам өнімдерінің сапасын тағамның құрамы ас мәзіріне, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін, асхана қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын, санитарлық кітапшаларының және құжаттардың талапқа сай болуын бақылады.

🍀 Тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасына, тамақтардың шығуын, дайындалған тамақтану бір реттік порция көлемін және балалар санына сәйкестігі тексеріп, бракераж журналдарына жазба енгізілгенін тексерді.

🍀 Комиссия тарапынан аспазшылардың ас болғында тағамдардың дайындау технологиясы мен сапасына қойылатын талапты ұстануды қатаң бақылауға алған. Пайдаланатын тамақ өнімдерінің сапасына бақылауды жүзеге асырып, қадағаланады. Күнделікті ас мәзірі дұрыс жасалғандығы тексеріліп, бекітіліп, ілінеді. Аспазшылардың киім үлгісі таза екендігі, жеткізілген тамақ өнімдерінің жарамдылығы, шикі зат өнімдерінің сертификаттарының бар болуын тексерді.

🍀 Мониторинг нәтижесінде оқушылардың тамақтануына жағдай жасалынған, санитарлық-гигиеналық талаптарға сай.

🍀 Бекітілген ас мәзірі бойынша дайын тағамдардың дұрыс салынуы мен дайын ас шығымы өз деңгейінде.

🍀 Тәуліктік сынама алу мен сақталу қамтамасыз етілген.

“Дұрыс тағам - денсаулық негізі”. Оқушыларымыздың дұрыс тамақтануы, денсаулығы басты назарда.

❖ **«Қош келдің, жаңа жыл-жаңа белес, жаңа арман!»** атты Президент атынан өткізілетін жаңа жылдық шыршаға қатысатын оқушылар туралы мәліметті қалалық білім бөліміне өткізу.

- ❖ Президент атынан өткізілетін жаңа жылдық шыршаға қатысқан оқушылар: Құрманай Айзере 7 «а» сынып оқушысы, көп балалы, аз қамтылған толық емес отбасы. Қала әкімінің жаңа жылдық шыршаға қатысқан Сәрсенбай Қызыбек 6«а» сынып оқушысы, көп балалы, толық емес атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы.

Қызылорда қаласының әкімінің атынан өткізілетін жаңа жылдық шырша



Президент атынан өткізілетін жаңа жылдық шырша



Үйден оқитын және ерекше білімді қажет ететін оқушыларға жаңа жылдық сыйлық сыйланды.



Н.Ильясов атындағы 9 мектеп-гимназиясында 23-24 желтоқсан күндері бастауыш сынып оқушыларына арналған жаңа жылдық мерекелік кеш өтті.

Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға Жаңа жылдық мерекелік шара өткізілді. Мерекелік шараның алғы сөзін мектеп-гимназия директоры Б.С. Ибраев баршаны және ерекше білімді қажет ететін оқушыларды Жаңа Жыл мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Шара барысында ән-би орындалып, түрлі ойындар ойналып, оқушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Өнерін ортаға салған оқушыларға Аяз ата сыйлақтарын таратты. Мерекелік шара соңында № 9 мектеп-гимназия әкімшілігі Жаңа жылдық шыршаға қатысқан барша ерекше білімді қажет ететін оқушыларға жаңа жылдық сыйлықтар табыстады.



Жөні де, орны да бөлек, әрі сән-салтанатымен, жоғары көңіл-күймен өтетін жаңа жыл кешін балалардың жүрегінде мәңгі сақталатындай етіп өткізу мектеп-гимназия әкімшілігі мен мұғалімдер үшін үлкен міндет, әрі абыройлы іс болып табылады. Аталмыш шараға мектеп-гимназияның жас мамандары белсене араласып, театрландырылған шоу көрсетіп, балалардың көңіл-күйін көтерді. Өртүрлі кейіпкерлердің киімін киіп келген балалар думанды кешке атсалысып, ән салып, би билеп, өнерлерімен ерекшеленуге тырысты. Аяз ата мен Ақшақар өнерлерін көрсеткен бүлдіршіндерге сыйлықтарын беріп, көңілдерін көтеруге тырысып бақты. Мектеп-гимназия басшысы Ибраев Бекзат Сағындықұлы сөз кезегінде барша ұстаздар қауымын және бастауыш сынып оқушыларын Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.



Мектебімізде 27 желтоқсан күні оқушылардың қысқы демалысқа шығуларына байланысты жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.Ералиева ата-аналарды қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстырып өтті. Сонымен қатар мереке қарсаңындағы отшашулардың зияны, пиротехниканың қауіпті заттар екенін және оларды ересектердің қарауынсыз қолдануға болмайтыны жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізіліп, видеороликтер көрсетілді.

Сонымен қатар ата-аналарға балаларын демалыс кезінде алыс аймақтарға жібермеуі қатаң тапсырылды. Түнгі мезгілде кәмелетке толмаған балалардың беймезгіл уақытта көшеде ересек адамдарсыз жүруіне қатаң тиым салынғандығы айтылды. Қысқы демалыс кезінде баланың уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасалып, үнемі ата-ана қадағалауында болу керек екендігі ескертілді. Жиналыс соңында ата-аналарға қысқы қауіпсіздік ережелері орналастырылған QR код таратылды.

ТАМАҚТАНУ САПАСЫНА МОНИТОРИНГ

22 -қаңтар күні мектебімізде тамақтану сапасына мониторинг жүргізілді. Бұл шараға медицина қызметкері, мектеп әкімшілігі және ата-аналар комитетінің өкілдері қатысып, оқушылардың тамақтануын жан-жақты бақылап, бағалады.

Тексеру барысында комиссияның назарында болды:

- Асхана жұмысы және тамақтанудың дұрыс ұйымдастырылуы;
- Тағам өнімдерінің сапасы, құрамының ас мәзіріне, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- Асхана қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтау жағдайы, санитарлық кітапшалары мен құжаттардың талапқа сәйкестігі.

Қаралған мәселелер:

- Тағамдардың сапасы мен порция мөлшерінің балалар санына сәйкестігі;
- Аспазшылардың тағам дайындау технологиясына сәйкес жұмыс істеуі;
- Жеткізілген тамақ өнімдерінің жарамдылығы, шикі зат өнімдерінің сертификаттары және ас мәзірінің дұрыс жасалуы.

Мониторинг нәтижесінде:

- Оқушылардың тамақтануына толық жағдай жасалған және санитарлық-гигиеналық талаптарға сай;
- Бекітілген ас мәзірі бойынша дайын тағамдардың дұрыс салынуы мен шығымы оң нәтиже көрсеткен;
- Тәуліктік сынамаларды алу және тағамдардың сақтау талаптары қамтамасыз етілген.

Қорытынды: Оқушыларымыздың дұрыс тамақтануы, олардың денсаулығы – басты назарда. “Дұрыс тағам - денсаулық негізі!”



Н.Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясы
тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу

Комиссия мүшелері 19.02.2025 жылы мектеп-гимназиясында асхана жұмысының және балалардың тамақтануының дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау мақсатында, бракераждық комиссия мүшелері бірлесіп, асхана жұмысына жан-жақты талдау жүргізілді.

Тамақтандырудың ұйымдастырылуын қадағалау және бракераждық комиссиясы өз қызметінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2018 жылғы №598 бұйрығының 112 тармағына сәйкес және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрықтарын басшылыққа алады.

Тексеріс барысында асхана блогы іші таза, кең, жарық. Объектінің қолданыстағы талаптарға сәйкестігі туралы санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды бар. Асхана қызметкерлерімен еңбек шартын жасасқан, арнайы киімдері бар. Тоңазытқыштар мен ас әзірлеу блогының тазалығы және қоймалар, азық-түліктерді сапалы пайдалану және олардың сақталу мерзімі, тамақтың сапасы қаралды. Тамақтың сапасы жақсы, ас мәзірінде көрсетілген тағамдар дайындалған. Күнделікті ас мәзірі бекітілген. Ас мәзірінің дұрыс құрылуы нормаға сәйкестігі, асхананың тазалығы, таңбасы бар өндірістік үстелдер және асхана ыдыстары түгелдей тексерілді. Күнделікті тәуліктік сынамасы арнайы тоңазытқышта сақталған. Еркін мәзірге арналып бекітілген прайс тізімі бар. Асхана қызметкерлерінің медициналық кітапшалары бар уақытылы өткен. Ыдыстар таза жуылған, сынық, жарық ыдыстар жоқ.

Осы шаралар балаларға сапалы және денсаулыққа пайдалы тамақтануды қамтамасыз ету үшін жүргізілді.



Жасөспірімдер арасындағы, зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында, 8-11 сынып оқушыларымен, Исабаева Сауле Болатқызы қатысуымен “Гендірлік зорлық зомбылыққа қарсы белсенділіктің 16 күні” атты тақырыпта қыздар арасында жиналыс өткізілді. Кибербуллинг, буллинг, киберқауіпсіздіктің алдын алу мақсатында туралы видеороликтер көрсетіліп, сенім телефондары ақпараттандырылды.



Н.Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясында 9-11 сыныптарының қыз балаларының қатысуымен "Қыз баланың жыныстық жетілуі және гигиенасы" тақырыбында қыздар жиналысы өтті.

Жиналыс барысында облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының маманы Әбдирова Зарина Жұмабайқызы қыздарға ерте жүктіліктің алдын алу және қыз балалардың жеке бас гигиенасы жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



Қайырымдылық – жүректен жүрекке

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектебімізде Наурызнама онкүндігі жалғасын тауып, 15 наурыз – "Қайырымдылық күні" ерекше мәнге ие болды. Бұл күн – тек ізгілік пен мейірімнің белгісі ғана емес, сондай-ақ жанашырлық пен қамқорлықтың шынайы көрінісі.

Игі істер – рухани байлық!

Қайырымдылық – адамгершіліктің асыл қасиеті. Бұл игі дәстүрді насихаттау арқылы біз қоғамда ізгілік мәдениетін қалыптастырып, көмекке мұқтаж жандарға қолдау білдіреміз.

Іс-шарамызды мектеп-гимназия директоры Бекзат Сағындықұлы ашып, оқушыларды қайырымдылық жасауға, жанашыр болуға шақырды.

Қайырымдылық іс-шарасын 5-7 сынып оқушылары ұйымдастырып, белсенділік танытты. Олар өздерінің ізгі істерімен мейірімділік пен жанашырлықтың шынайы үлгісін көрсетті.

Жаксылык жасау – жан жылуу!

Осындай бастамалар әр жүректе жылулық оятып, жаксылыкка бастасын!

Қайырымдылық – адамзатқа ортақ құндылық.



БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ-БАСТЫ НАЗАРДА!

Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясында "Заң және тәртіп" идеологиясы аясында, бекітілген жоспарға сәйкес, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында сәуір айы бойы түнгі рейдтік жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді.

Аталған шараға мектеп-гимназия мұғалімдері мен ата-аналар белсене қатысып, оқушылардың қауіпсіздігіне бірлесе атсалысты.

Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табады.



ТАМАҚТАНУ САПАСЫНА МОНИТОРИНГ

16- мамыр күні мектебімізде тамақтану сапасына мониторинг жүргізілді. Бұл шараға медицина қызметкері, мектеп әкімшілігі және ата-аналар комитетінің өкілдері қатысып, оқушылардың тамақтануын жан-жақты бақылап, бағалады.

Тексеру барысында комиссияның назарында болды:

- Асхана жұмысы және тамақтанудың дұрыс ұйымдастырылуы;
- Тағам өнімдерінің сапасы, құрамының ас мәзіріне, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- Асхана қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтау жағдайы, санитарлық кітапшалары мен құжаттардың талапқа сәйкестігі.

Қаралған мәселелер:

- Тағамдардың сапасы мен порция мөлшерінің балалар санына сәйкестігі;
- Аспазшылардың тағам дайындау технологиясына сәйкес жұмыс істеуі;
- Жеткізілген тамақ өнімдерінің жарамдылығы, шикі зат өнімдерінің сертификаттары және ас мәзірінің дұрыс жасалуы.

Мониторинг нәтижесінде:

- Оқушылардың тамақтануына толық жағдай жасалған және санитарлық-гигиеналық талаптарға сай;
- Бекітілген ас мәзірі бойынша дайын тағамдардың дұрыс салынуы мен шығымы оң нәтиже көрсеткен;
- Тәуліктік сынамаларды алу және тағамдардың сақтау талаптары қамтамасыз етілген.

Қорытынды: Оқушыларымыздың дұрыс тамақтануы, олардың денсаулығы – басты назарда. “Дұрыс тағам - денсаулық негізі!”



Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназия ұжымы 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған “Қазақстан балалары” атты қалалық іс-шара жоспарына сәйкес “Жүректен жүрекке” қайырымдылық акциясы барысында 2025 жылғы 22 мамыр күні аз қамтылған отбасына азық-түлікпен көмек көрсетті.



**№9 Н.Ильясов атындағы мектеп- гимназиясында
психологиялық қызметті ұйымдастыруда атқарылған
жұмыстардың қорытынды
ЕСЕБІ
2024 -2025 оқу жылы**

Мектеп- гимназия педагог-психологтары

**Г. Аймағамбетова
Г.Исаева**

Оқу-тәрбие үрлісінде психологиялық қызметтің ұйымдастырылуы:

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінде және әлеуметтік ортада психологиялық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға өте үлкен назар аударылууда. Психологиялық қызметтің жұмысының тиімділігі – балалар мен жасөспірімдердің психикалық және психологиялық тұрғыда толыққанды жеке адам болып қалыптасуына, олардың қабілеттік деңгейлерін, бейімділігін, шығармашылығын, таным үрдістерінің даму деңгейін, жас ерекшеліктеріне байланысты даму кезеңдеріндегі кездесетін қиындықтардың алдын алуға мүмкіндік беріп, қоршаған ортадағы адамдармен дұрыс қарым- қатынас жасауға бағыттап, баланың мүмкіндіктеріне жол аша алады және мұғалім қолына жеке тұлғаның мүмкіндігі туралы құнды деректер береді. 2024-2025 оқу жылында мектеп-гимназияда төмендегідей күрделі жауапты міндеттерді орындай отырып, біршама ауқымды жұмыстар атқарылды.;

-Барлық психологиялық зерттеудің нәтижелерімен түзету жұмыстарын жүргізу;

-Ата – аналарға, мұғалімдерге, оқушыларға психологиялық кеңес беру;

-Мектеп оқушыларын топтық және жекелік зерттеулерден өткізу;

-Проблемасы бар балаларды жан – жақты зерттеп түзету, дамыту жұмыстарын жүргізу.

Мектептегі психологиялық қызмет нәтижелі көрсеткіштерге жету үшін мектеп психологының жұмысы негізгі мына бағыттар бойынша жүргізілді:


- Психодиагностика - зерттеу бағыты;
- Психопрофилактика - алдын алу шараларын жүргізу бағыты;
- Психокоррекция - түзету, теңестіру және дамыту бағыты;
- Психоконсультация- кеңес беру және психологиялық ағарту бағыты.

Сынып	Оқушы саны	Жетім	Өгей әке	Өгей ана	Қолайсыз отбасы мен бала саны	Толық емес отбасы балалары	Оның ішінде			Жалдамалы пәтер	Мектепшілік бақылау	Үйден оқыту
							Ата – анасының біреуі қайтыс болған	Ата-анасының біреуі ажырасқан	Некесіз туылған			
64	1504	5	43	9	0	187	59	187	37	111	3	21


2024-2025 жана оқу жылы қарсанында мектеп әкімшілігімен және сынып жетекшілермен бірлесе отырып, оқушылардың отбасылық әлеуметтік сапасына қарай, отбасының әлеуметтік ахуалын анықтау мақсатында тізімге алу жұмысы жүргізілді.Тізімге алу жұмысы отбасының өмір сүру сапасының ерекшелігіне байланысты психологиялық тұрғыда топтастыру классификациясы бойынша анықталды. Денсаулығында мүмкін болар кемшіліктеріне байланысты , дефектологиялық және медициналық кемшіліктерге байланысты мүмкіндігі шектеулі үйден оқытылатын оқушыларды анықтап, аудандық ПМПК мекемесінің қорытындысына сәйкес, 21 оқушы үйден оқытылуға

шығарылды. Пән мұғалімдерінің бағанын деңгейіне қарай программалық материалды жасауда бала деңсаулығын ескеруге кеңес берілді. Үйден оқытылатын оқушылардың педагогикалық-психологиялық картасы жасалды. Үйден оқытылатын оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыста болып, бейімділіктері мен қабілеттеріне, жеке дара ерекшеліктеріне қарай қоғамдық жұмыстарға тартылып отырды.

Қыркүйек айында мектеп – гимназияның 1 «А», 1 «Ә», 1 «Б», 1 «В», 1 «Г», 1 «Д», 1 «Е» сынып оқушыларының мектепке даярлығын анықтау мақсатында психологиялық диагностика бағытында О.Л.Соколов, В.И.Чирков, О.В.Сорокина балалардың мектепке әлеуметтік психологиялық бейімделуін сараптамалық талдау, зерттеу жұмысы жүргізілді. Психологиялық зерттеу жұмысының қорытындысы бойынша анықталған деңгейлер:




Е.А.Климов "Дифференциалды - диагностикалык сауалнама



Қыркүйек қазан желтоқсан айлары бойынша сынып жетекшілермен және тәрбие орынбасарларымен бірлесе отырып тәрбиеге қиындық келтіретін оқушылармен бақылау картасы толтырылып, күнделікті қадағалау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар «Адам Үй Ағаш» проективті әдістемесімен бірге, «Ковач» «Аяқталмаған сөйлем» әдістемелері мен тесттер алынып нәтижелері қорытындыланды.

Сонымен қатар 11 сынып оқушыларымен «Өмірге қадам: өз жолыңды тап!» атты тақырыпта Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге байланысты оқушылардың қорқыныштарын сөйілту мақсатында тренингтер өткізілді. Оқушыларға тестілеуге байланысты «Үй тапсырмасын қалай орындау керек» атты жадынамалар таратылды. «Өуенді терапия» жаттығуымен бірге «Климов» әдістемесі мамандық таңдау пәнімен таңдау мамандықтарын анықтау мақсатында сауалнамалар алынды.

Е.А.Климов "Дифференциалды- диагностикалық сауалнама қорытындысы



Н.Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясының «Кәметке толмағандар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтің» алдын алу бойынша Ковач пен Аяқталмаған сөйлем әдістемелері алынды.

[illegible]

Биылғы оқу жылында сауалнама нәтижесінде «Тәуекел топқа» 2 оқушы алынды. Екі оқушы қауіп қатер шкаласы бойынша анықталып отыр. Психиатр Вов маманына 1 оқушы апарылды. 2 оқушы ата-ана тарапынан қарсылығы бар. Жалпы мектепшілік бақылауға сауалнама қорытындысына сәйкес 30 оқушы алынды.

Алдымен оқушылармен атқарылатын жұмыстардың жоспары жасалы нып, бекітілді. Әрі қарай оқушылармен жеке әңгіме-сұхбат жұмыстары жүргізілді. Баланың үй тұрмыс-жағдайын зерттеу әктісі жасалынды. Ата –аналарымен байланыс орнатылды. Баланы арнайы ВОП мамандарға апаруға кеңестер берілді. Баланың мінез-құлық

ерекшеліктерін, отбасымен байланысының деңгейін жан-жақты зерттеу, анықтау мақсатында «Проективті әдістемелер» жүргізілді.

Баланың күнделікті көңіл-күйі, достарымен қарым-қатынасын анықтау мақсатында үнемі сынып жетекшісімен байланысып, бақылау жұмыстары жасалынып отырды. Арнайы бақылау журналы, күнделігі арналды. Күнделікті баламен жасалынған жұмыстар, әңгіме –сұхбат барысы сол бақылау күнделігіне түсіріліп отырды.

Оқушының өзіне сенімділігін нығайту мақсатында 1 сыныптармен “Бұл - менің әлемім” атты тақырыпта тренингтер өткізіліп, әлеуметтік желіге сілтемесі мен ақпараттандырылды.



Сілтемесі : <https://www.facebook.com/share/p/1BQwq3NTqr/?mibextid=wwXlfr>

Сонымен бірге 11 сынып оқушыларымен «Өзіне сен- алда ҰБТ!» және «Сәтті өмірге бір қадам» атты тақырыпта жалпы 11 сынып оқушыларымен психологиялық сағаттар мен тренингтер өткізілді.



Сілтемелері : <https://www.facebook.com/share/v/16c5oFwYA9/?mibextid=wwXlfr>
<https://www.facebook.com/share/p/1NGRyDVPNE/>
<https://www.facebook.com/share/p/19tUoMjvnT/>

Сонымен бірге 7 сынып оқушыларымен "Сен жалғыз емессің" атты тақырыпта психологиялық сынып сағаты өткізілді.



Сілтемесі: <https://www.facebook.com/share/p/1Za4PZXXGH/>

Сонымен бірге «Біртұтас тәрбие бағдарлама» аясында 8 сынып оқушыларымен "Менің өмірімдегі қызықты сәттер" атты тақырыпта психологиялық қауіпсіздік сағаты өткізді



Сілтемесі: <https://www.facebook.com/share/p/18nGeSgRRw/>

Сонымен бірге "Буллингтің құрбаны болмаудың 10 себебі" атты тақырыпта тренинг өткізді.



Сілтемесі : <https://www.facebook.com/share/p/1AvWVBgibi/>



2024-2025 оқу жылының жарты жылдық есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар жүзеге асырылып, психологиялық анықтамалар жасалды.

Қорытындылай келе мектептегі мектеп психологтарының бағыттары бойынша жалпы қорытынды жылдық жұмысы бойынша жұмыстар қорытындысы төмендегідей :

Диагностикалық жұмыстар - 10, Профилактикалық жұмыстар-15, Түзету-дамытушылық жұмыстар-20, Кеңес беру жұмыстары-130

№9 мектеп-гимназия директоры
№9 мектеп-гимназия психологтары

Б.Ибраев
Г. Аймағамбетова
Г. Исаева